

## Жер салығының мөлшерлемелері туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2009 жылғы 14 наурыздағы N 13/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 сәуірде N 13-10-80 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы № 26/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 26.03.2018 № 26/3 (алғашқы ресми жарияланғаннан күннен соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 27.06.2016 N 5/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексіне сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Жер салығының мөлшерлемелері, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жоғарылатылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 27.06.2016 N 5/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған соң, он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрайымы

Н.А. Серикова

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы

А. С. Нұртаев

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют  
ауданы мәслихатының 2009 жылғы 14  
наурыздағы № 13/4 шешіміне қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 27.06.2016 N 5/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (әрі

қарай – Салық кодексі) 378-бабымен белгіленген жер салығының мөлшермелері  
о н е с е г е ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .

2. Салық кодексінің 379, 381, 383-баптарымен белгіленген, жер салығының  
базалық мөлшермелері елу пайызға жоғарылатылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ